

Жаңбырмен өткізген жарты күн

Қазақтың маңдайына біткен маркасқа ұлдарының бірі Акселеу Сейдімбек ағамыз жуырда Қарағанды қаласында шығармашылық кешін өткізді. Маркасқа деп бекер айтып отырған жоқпыз, алпыстың асқарынан асып пайғамбар жасына аяқ басқан Акселеу Сланұлы салмақты сөзі мен саликалы ойы арқылы алдақашан ұлтының қаймағы ретінде танылып, халқының төрінде отыратын төбе биіне, тұғыры биік тұлғасына айналған адам. Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы-журналист, доктор, профессор, этнограф, музыка зерттеушісі, сазгер, зергер... ой, несін айтасыз бір басына жетіп артылатын өнері бар қазақтың нағыз сегіз қырлы, бір сырлы азаматы ғой ол. Қарағандылықтар да жолдан жығылған жоқ, жерлестері Ақанды тік тұрып қарсы алып, қошемет-құрмет көрсетті, ауылына темір тұлпар мінгізіп аттандырды.



білетін жап-жас инженер еді, мен 24-25 тегі қылшылдаған журналиспін. Мен тілші болып келген жылы Нұрсұлтан №2 домна пешінде горновой екен. Кейіннен комбинаттың комсомол комитетінің хатшылығына жоғарылатылды. Бұлар өндірісте жан алып, жан берісіп жатса, олардың еңбегін көрсетеміз деп біз де мұрнымыздан шаншылып жұмыс жасадық.

ортамызды толтырып жатқанын естіп риза болып қалды.

«Теміртау» газетінің алғашқы сүйінші данасы жарыққа шыққанда осы Акселеу ағамыз сонау Астанада құттықтау хат жіберген еді. «Сөз қадірін бір халық білсе қазақ білген. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен қазақ сөзге тоқтаған, сөзге жұбанған. Олай болса Теміртау қаласында тұңғыш рет ана

Сол Акселеу ағамыз Астанаға қайтар жолында Теміртау қаласына ат басын бұрып, азкем аялдап қайтты. Қаламыздың белгілі азаматы Тілеукен Смағұлұлымен ежелден таныстығы, ескі достығы бар екен. Осы Төкеңнің берекелі дастарханынан дәм татты, кең отырып көсіле сыр шертті. Мұндай тұлғалы азаматтар қолымызға күнде түсе бере ме. Біз де Ақанның ауызынан шыққан теміртаулықтарға қатысы бар бірер лебізін өз оқырмандарымызға жеткізуді жөн көрдік. «Жаксыдан шарапат» демей ме атамыз қазақ.

Ақаң еңбек жолын облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің тілшілігінен бастаған ғой. Газет тапсырмасымен Теміртауда жиі болған сәттерін былай деп еске алды: «Облыстық газетте істеп жүргенімде маған Бүкілодақтық екпінді құрылыс туралы апта сайын бет бересің деп тапсырма берді. Жастықтың буы болар, өзімше бұл тақырыпты қалпаппен ұрып аламын деп келсем, қайда!.. «Магниткаң қайсы?» десем «Анау» дейді. Жатқан бір қала. Айға кеп түскендей болдым. Ол кезде өзімнің орышам да шамалы. Теміртауда екі пайыз ғана қазақ тұрады. Сосын біреулерден сұрадым: «Әй осының қуыс-қуысын, ананыңмынаның не екенін маған түсіндіріп айтып беретін бір қазақ жігіті бар ма?» деп. «Бар, Тілеукенге барыңыз» деп жол сілтеп жіберді. Сыртынан сұрап білсем шаншардың қуы. Келдім, таныстық. Содан менің көзімді ашты. «Мынау домна пеші деген болады, мұның биіктігі 48 метр...» деп бастан, күллі комбинаттың жүйе-жүйесін қолымнан жетелеп жүріп бүге-шігесіне дейін тәптіштеп түсіндірді. Соңынан өзім басқаларға үйрететін болдым. Ол кезде Тілеукен Темірдауды бес саусағындай

Жан қысылса жақынын табады, талай қысылған кезде осыларға барып дерек алатынбыз».

Пайымы терең, парасаты биік азамат шетелдегі қандастарымыздың тарихи Отанына оралуын қуана құптап, қазақтардың ата жұртына қарай ағылған ұлы көшінің басталуына да мұрындық болғандардың бірі еді. Сонау сексенінші жылдардың соңында жазған күнделіктерінде (Соңынан «Ой толғау» атты жеке кітап болып жарық көрді) шеттегі қазақтардың тағдыры туралы батыл ойлар айтып, ол кезде ешкім ауызға ала қоймаған тың тақырыпты ауық-ауық көтерген де осы Ақаң еді. Сол тоқсаныншы жылдары Акселеу Сейдімбек Моңғолия қазақтарының серкелеріне жасырын хат жолдап, ата мекенге оралудың жолдарын нұсқайды. Көші-қонның басталуына шешуші рол атқармағанымен осы хаттың да ықпалы, көмегі болғаны мәлім. Шетелдегі қазақтар жөнінде толғаған бір сөзінде Ақаң: «Қытай, Моңғолия, Өзбекстан қазақтары өздерінің тұнық тілі мен бай салт-дәстүрлерін сақтап қана қалған жоқ, тол мәдениетіміз бен әдебиетіміздің, өнеріміздің өркендеуіне де сүбелі үлес қосып отыр. Ал Ресей қазақтары кешегі 70-80 жыл бойына ұлттық құндылығымызға бір түйір дән қосқан жоқ. Өздерінше шіренгендері болмаса Түркия мен батыс Еуропа қазақтары да солай, мәнді ештеме бере алған жоқ. Демек олардан көп ештеме күтуге болмайды, осы кеткені кеткен. Сондықтан да көші-қон мәселесінде жоғарыдағы аталған елдердегі ұлттығын сақтап отырған қандастарымызды тезірек көшіріп алуға күш салғанымыз жөн» деді. Акселеу аға әңгіме барысында Теміртауға да көптеген қандастарымыздың көшіп келіп,

тілімізде жарық көре бастаған «Теміртау» газеті де жұртшылық ден қоятын аталы сөздің, ордалы ойдың мінбері болады деп сенемін. Теміртау қаласы қазақ халқының ғұмырнамасында мәңгілік жастықтың, жалынды жігердің, айнымас достықтың айғағы болып қалатын құт мекен. Демек, «Теміртау» газетінің де мазмұн болмысы шежірелі тарихымыздың жарқын беттері болғай!» деген еді сонда ағынан жарылып. Бұл жолы да сол аталы сөзін жалғастырды. «Мал өледі, дүние тозады. Мынау елдің тарихын жаксы болсын, жаман болсын ең көп бейнелейтін жергілікті баспасөз. Олар сол жердің, сол елдің жылнамасы ғой. Сондықтан да сіздердің «Теміртау» тәрізді басылымдар мүмкіндігінше осындағы жылт еткен жаңалықты, қынжылтатын кемшіліктерді жақсылап басып отырса бүгінге де, келер ұрпаққа да пайдалы нәрсе осы. Сосын осындағы таза маңдай терімен, табандылығымен абыройға бөленген азаматтарды, Магнитканың отымен кіріп, күлімен шыққан көзі тірі ардагерлерді ұмыт қалдырмай ұдайы жазып, олардың өнегелі еңбек жолын кейінгі буынға насихаттап отыру сіздердің міндеттеріңіз» деді.

Не керек, сөйтіп Теміртаудың сөз қадірін біледі деген азаматтары нар тұлғалы нағыз қазақ, ұлтының бүкіл болмыс-бітімін бір бойына сыйғызған, сырбаз да сұңғыла, шешен де шежіре Акселеу Сейдімбек ағаны жақыннан көріп, ықылас-лебізін естіп бір жасап қалдық. Уақыт тығыз болса да бірталай әңгімелер айтылды, небір сырлар шертілді. «Жаксыменен өткізген жарты сағат, жаманның өтіп кеткен өміріндей» депті ғой дана халқымыз.

Аманжол АҚЫН